

Тақырыбы: Мұзды пайда болуы және еруі. Қармен ойындар.

Мақсаты: Балаларға судың мұзға айналуы және мұздың еруі туралы қарапайым түсінік беру, қыс мезгіліндегі қарданы ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру

Қажетті көрнекіліктер:

Мұз кесектері(ыдыс), су құйылған стақан, қар кесектері, ұзын жіп

Шаттық шеңбері

Қыс келді, қарлар жауды

Айнала аппақ болды

Бір-бірімізге күлімдеп

Іс-әрекетті бастайық

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Қыста ауа райы қандай?

Суықта су не болады?

Күн суық болғанда су қатып мұзға айналады. Мұз қатты және суық болады.

Тәжірибе көрсету

Алдын ала мұз кесегін көрсету

Балаларға мұзды қолмен ұстап көруге рұқсат ету (қысқа уақыт)

Сұрақ-жауап

Мұз қандай?(суық, қатты)

Мұз ерісе не болады?(су)

Сергіту сәті

Қар жауады, қар жауады(қолдарын жоғары көтеріп, төмен түсіру)

Біз ойнаймыз, біз күлеміз (алақандарын шапалақтайды)

Аяқ қысып тұр бетімізді(беттерін қолмен сипайды)

Қолды-қолға ысқылайық(қолдарын ысқылайды)

Секіреміз бір-екі (орнында жеңіл секіру)

Жылынып алдық біз енді(қолдарын жайып күлімдейді)

Ал балалар сендердің ойын ойынағыларың келе ме?

1. Аққала жасаймыз

Балалар қолдарын домалатып, аққала жасағандай қимыл жасайды

2. Қар лақтыру (қиял арқылы)

Бір-біріне қар лақтырғандай ойнайды

3. Мұз үстімен жүру

Түзу сызықпен абайлап жүру

Қорытынды

Қыста су мұзға айналатынын қайталау

Балаларды мадақтау